

«Алтын ұя» жеке бөбекжай-бақшасы
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ №1
ХАТТАМАСЫ

2024–2025 оқу жылы

Өткізілген күні: 2024 жылғы 13 қыркүйек

Өткізілген орны: «Алтын ұя» жеке бөбекжай-бақшасы

Қатысқандар:

- Бөбекжай-бақшасының меңгерушісі м.у.а.–Жайсултанов М.Х.
- Әдіскер – Мусагалиева Г.У.
- Кеңес мүшелері –1 адам
- Хатшы – Едресова А.Н.

Қатыспағандар: жоқ.

КҮН ТӘРТІБІ

1. 2024–2025 оқу жылына арналған педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспарын бекіту.
2. Педагогтердің кәсіби әдебі және қызметтік мәдениеті туралы.
3. Педагогтердің ата-аналармен және тәрбиеленушілермен қарым-қатынас мәдениетін жетілдіру.
4. Әртүрлі мәселелер.

Бірінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Кеңес төрайымы жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің негізгі мақсаты мен міндеттеріне тоқталды.

2024–2025 оқу жылында педагогтердің кәсіби мәдениетін арттыру, ұжымдағы өзара сыйластықты нығайту, балалардың құқықтарын қорғау, педагог мәртебесін көтеру бағытында жұмыстар жүргізілетіні айтылды.

Әдіскер жылдық жұмыс жоспарын таныстырды. Жоспарда семинарлар, кеңестер, мониторинг, сауалнамалар және профилактикалық жұмыстар қарастырылғаны баяндалды.

Сөйлегендер:

Меңгеруші педагогтердің кәсіби жауапкершілігін арттыру, ішкі тәртіп ережелерін сақтау және ұйымның беделін көтеру әр қызметкердің міндеті екенін атап өтті.

Екінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Әдіскер педагогтердің кәсіби әдебі туралы баяндама жасады.

Баяндамада:

- педагогтің қызметтік мәдениеті;
- еңбек тәртібін сақтау;
- ресми құжаттармен жұмыс жүргізу;
- қызметтік әдепті сақтау;
- әлеуметтік желілердегі жауапкершілік;
- мемлекеттік қызмет көрсету мәдениеті мәселелері қарастырылды.

Педагогтің киім үлгісі, сөйлеу әдебі, балалармен қарым-қатынасы ұйымның имиджіне әсер ететіні ерекше айтылды.

Сөйлегендер:

Тәрбиешілер кәсіби мәдениетті арттыру мақсатында өз тәжірибелерімен бөлісті.

Үшінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Кеңес төрайымы ата-аналармен ынтымақтастықтың маңызына тоқталды. Ол

- ата-аналарды құрметтеу;
- олардың пікірін тыңдау;
- түсініспеушіліктің алдын алу;
- дау-дамайларды өршітпеу;
- балалардың мүддесін бірінші орынға қою қажеттігін атап өтті.

Сөйлегендер:

Педагогтер ата-аналармен WhatsApp топтарында және жеке кездесулерде қарым-қатынас жасау әдебі туралы пікір алмасты.

Төртінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Әртүрлі мәселелер қаралды.

Балалардың қауіпсіздігі, еңбек тәртібі, құжаттарды уақытында жүргізу және ұжымдағы қолайлы психологиялық ахуалды сақтау мәселелері талқыланды.

ШЕШІМ

1. 2024–2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Педагогикалық әдеп қағидалары барлық педагогтер тарапынан қатаң сақталсын.
3. Ата-аналармен ынтымақтастық нығайтылсын.
4. Осы хаттаманың орындалуын бақылау кеңес төрайымына жүктелсін.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



М.Х.Жайсултанов

А.Н.Едресова

**«Алтын ұя» жеке бөбекжай-бақшасы
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ №2
ХАТТАМАСЫ**

2024–2025 оқу жылы

Өткізілген күні: 2025 жылғы 16 мамыр

Өткізілген орны: «Алтын ұя» жеке бөбекжай-бақшасы

Қатысқандар:

- Бөбекжай-бақшасының меңгерушісі м.у.а. – Жайсултанов М.Х.
- Әдіскер – Мусағалиева Г.У.
- Кеңес мүшелері – 1 адам
- Хатшы – Едресова А.Н.

Қатыспағандар: жоқ.

КҮН ТӘРТІБІ

1. 2024–2025 оқу жылында педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің атқарған жұмысының қорытындысы.
2. Педагогтердің кәсіби әдебі және еңбек тәртібінің сақталуы туралы.
3. Ата-аналармен жүргізілген жұмыстардың нәтижесі.
4. 2025–2026 оқу жылына арналған ұсыныстар.

Бірінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Кеңес төрайымы 2024–2025 оқу жылында педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары толық орындалғанын баяндады.

Жыл ішінде:

- 4 түсіндіру семинары өткізілді;
- жас педагогтерге әдістемелік көмек көрсетілді;
- педагогтердің қызметтік әдебі бойынша мониторинг жүргізілді;
- ата-аналар арасында сауалнама ұйымдастырылды;
- ұжымда қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастыру бағытында жұмыстар атқарылды.

Педагогтердің педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау деңгейі қанағаттанарлық екендігі айтылды.

Сөйлегендер:

Меңгеруші кеңес жұмысына он баға беріп, барлық педагогтерге кәсіби жауапкершіліктері үшін алғыс білдірді.

Екінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Әдіскер педагогтердің кәсіби әдебі жөнінде есеп берді.

Жыл ішінде:

- педагогтердің жұмысқа кешігу фактілері азайды;
- қызметтік құжаттар уақытылы рәсімделді;
- педагогтердің киім үлгісі мен сөйлеу мәдениеті талаптарға сәйкес болды;
- тәрбиеленушілердің құқықтарын бұзу жағдайлары тіркелген жоқ.

Әдеп нормаларын сақтау ұжымдағы өзара түсіністік пен сенімді арттырғаны атап өтілді.

Сөйлегендер:

Тәрбиешілер өзара тәжірибе алмасудың кәсіби өсуге ықпал еткенін айтты.

Үшінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Әдіскер ата-аналармен жүргізілген жұмыстар туралы баяндады.

Жыл ішінде:

- жалпы ата-аналар жиналыстары өткізілді;
- жеке қабылдаулар ұйымдастырылды;
- ашық есік күндері өткізілді;
- ата-аналардың ұсыныстары қарастырылды.

Ата-аналардың бөбекжай жұмысына қанағаттану деңгейі жоғары екендігі атап өтілді.

Сөйлегендер:

Тәрбиешілер ата-аналармен бірлескен мерекелік іс-шаралар тәрбиелік жұмыстардың нәтижелілігін арттырғанын айтты.

Төртінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

2025–2026 оқу жылына арналған ұсыныстар қаралды.

Ұсыныстар:

- педагогтердің құқықтық сауаттылығын арттыру;
- педагогикалық әдеп бойынша тренингтер өткізу;
- жас мамандарды қолдау;
- ұжымдағы қолайлы психологиялық ахуалды сақтау;
- ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту.

ШЕШІМ

1. Кеңестің жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Педагогикалық әдеп қағидаларының сақталуы тұрақты бақылауда болсын.
3. 2025–2026 оқу жылына арналған жоспар әзірленсін.

4. Осы хаттаманың орындалуын бақылау кеңес төрайымына жүктелсін.

Кеңес төрайымы:

М.Х.Жайсултанов

Хатшы:

А.Н.Едресова